

А. Жамашев\*, Ж. Қабиденов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: zhandosskabidenov@gmail.com

## БЕЙБАРЫС СҰЛТАННЫҢ ЕСІМІ МЕН ЛАҚАБ АТТАРЫНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ-ТАРИХИ АНЫҚТАМАСЫ

Бұл мақала қазақ жерінен шыққан Бейбарыс сұлтанның ғұмырнамалық дерегіне арналған. Ол XIII ғасырда өмір сүрген, Мысыр мемлекетінде билік еткен сұлтанның ислам тарихындағы маңызды рөліне тоқталады. Мақала Бейбарыстың өмірі, билік етудегі реформалары, ғылымға қосқан үлесі жайлы мәліметтерді оның есімі мен лақап аттары аясында этимологиялық-тарихи әдіс арқылы түсіндіруімен ерекшеленеді. Сұлтан аз-Заһирдің ғұмырнамасы тарихи-биографиялық еңбектерге жүгіну арқылы көрсетіледі.

Мақалада қазақ, орыс және араб авторларының көне және жаңа заманда ретроспективті зерттеу көмегімен жинақтаған кітаптары қамтылған. Бейбарыстың аты-жөні мен лақап аттарының, күниясының мағыналарына түсініктеме беріліп, ондағы көзқарастар плюрализмі де көрсетіледі. Сонымен қатар Сұлтан аз-Заһирдің тұлғалық жетілуіне ықпал еткен қолбасшылар мен тәрбиешілер және ортағасырлық тарихи үдерісте маңызды орны бар ел билеушілері жайлы да деректер келтіріледі. Бейбарыстың билікке келмей тұрып жасаған ерліктеріне ерекше назар аударылады. Оның крестшілер мен моңғол шапқыншылығына төтеп берудегі қолбасшылық өнері баяндалады. Мақала оның не себеппен «Дін мен дүние тірегі», «Жеңімпаз сұлтан», «Жеңістердің әкесі» сынды мақтаулы лақап аттармен аталғанына жауап береді.

**Түйін сөздер:** Бейбарыс сұлтан, мәмлүк, Мысыр, дін, жорық, қыпшақ.

A. Zhamashev\*, Zh. Kabidenov

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: zhandosskabidenov@gmail.com

### **Etymological and historical determination of the name and sobriquet of Sultan Beybars**

This article is devoted to the biographical data of Sultan Beybars from the Kazakh land. Attention is focused on the important role of the Sultan, who lived in the XIII century and ruled in the Egyptian state, in the history of Islam. The article is distinguished by the clarification of information about the life of Baybars, reforms in power, contribution to science in the context of his name and nicknames. The biography of Sultan al-Zahir is shown by referring to historical and biographical works.

The article also includes books collected and researched by Kazakh, Russian and Arabic authors in antiquity and modernity. The meanings of Baybars' name, nicknames and kunias are explained, and the pluralism of views is also shown. In addition, information is given about the commanders and educators who contributed to the personal development of Sultan al-Zahir, and the rulers of the country, whose medieval history occupies a significant place in this process. Particular attention is paid to the exploits of Beybars before he came to power. His leadership qualities in opposition to the crusaders and the Mongol invasion are also described. The article gives an answer why he was called such laudatory nicknames as «Pillar of Religion and World», «Victorious Sultan», «Father of Victories».

**Key words:** Beybars Sultan, Mamluk, Egypt, religion, campaign, Kypchak.

А. Жамашев\*, Ж. Кабиденов

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: zhandosskabidenov@gmail.com

### **Этимологическое и историческое определение имени и псевдонима Султана Бейбарса**

Данная статья посвящена биографическим данным Султана Бейбарса из казахской земли. Акцентируется внимание на важной роли султана, жившего в XIII веке и правившего в Египетском государстве, в истории ислама. Статья отличается разьяснением сведений о жизни Бейбарса,

реформах во власти, вкладе в науку в контексте его имени и прозвищ. Биография Султана аз-Захира показана путем обращения к историко-биографическим произведениям.

В статью также включены книги, собранные и исследованные казахскими, русскими и арабскими авторами в древности и современности. Объясняются значения имени, прозвищ и куний Бейбарса, а также показывается плюрализм взглядов. Кроме того, приводятся сведения о полководцах и воспитателях, способствовавших личностному развитию Султана аз-Захира, и правителях страны, чья средневековая история занимает в этом процессе значительное место. Особое внимание уделяется подвигам Бейбарыса до его прихода к власти. Описаны также его лидерские качества в противостоянии крестоносцам и монгольскому нашествию. В статье дается ответ, почему его называли такими хвалебными прозвищами, как «Столп религии и мира», «Победоносный султан», «Отец побед».

**Ключевые слова:** Бейбарыс султан, мамлюк, Египет, религия, поход, кыпчак.

## Кіріспе

Бейбарыс сұлтанның ғұмырнамасына қысқаша шолу жасау арқылы сол замандағы ислам элементінің ахуалын, ондағы түркі халықтарының рөлі айқындала түседі. Мәмлүк мемлекетінің көрнекті өкілінің өмірін зерттеу оның жасаған игі істерін еске алуға, ондағы тағылымы мол тарихи үдерістерді ұрпаққа жеткізуге жол ашады. Ислам экономикасына және ғылым-білімге тигізген үлесі жағынан Бейбарыс сұлтанға ұқсауға тырысу әрекеттері өткен замандарда орын алғанымен, жаңа дәуірде қайта жандануы міндеттеледі.

Тақырыптың өзектілігі. Ұзақ уақыт бойы Кеңес үкіметінің ықпалымен қазақ халқының тарихы жасанды бұрмалауға ұшырағаны себепті ұлт өкілдері өздерінің даңқты ата-бабалары жайлы деректерден мақрұм қалды. Соның нәтижесінде, қазақ жерінен шығып, әлемдік аренада билігін жүргізген тұлғалар жоқ секілді көрінді. Бірақ, уақыттар өте келе, өз елі мен тарихын сүйетін ұлтжанды тарихшылардың себебімен, қазақ тарихы қайта өрлеу кезеңіне аяқ басты. Дегенмен, қазіргі таңда өздерінің дербес тарихы мен мәдениетінің бар екеніне қарамастан өзге елдің ұлттық идеологияларына басымдық беріп жатқан жастар көп. Бұл олқылықты кетіру үшін қазақ тарихының көрнекті тұлғаларын жалпы оқырманға жаппай таныстыру қажет. Солардың бірегейі – кыпшақ Бейбарыс сұлтан. Ол тек түркі елінің ғана емес, күллі ислам элементінің мақтанышына айналды. Оның саяси реформалары, өзге елдермен дипломатиялық қарым-қатынастары, сыртқы саяси іс-әрекеттері көптеген елбасылар үшін үлгі.

Мақсаты: XIII ғасырда өмір сүрген Бейбарыс сұлтанның өмірі, оның Мысыр және түркі әлемінде қалдырған ізі мен ислам әлеміндегі рөлі туралы ақпараттарды оның есімі мен лақап

аттары аясында этимологиялық-тарихи әдіс арқылы түсіндіру.

Міндеттері: Бейбарыс жайлы жазылған тарихи-ғұмырнамалық еңбектерді және ғылыми зерттеулерді саралау.

## Зерттеу материалдары мен әдістері

Бейбарыс сұлтанның ғұмырына байланысты тарихи-тұғырнамалық еңбектер, ғылыми мақалалар, оның өмірбаянын зерттеумен айналысушылардың кітаптарын қолдандық. Отандық ғалымдар – Палтөре Ы., Жүсіпбеков Ж., Мухитдинов Р., Қыдырбаев Қ жазған «Арабша-қазақша сөздік» жинағын, Әлібекұлының «Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті» монографиясын, Батырша-ұлы Б., Көмеков Б., Батырша-ұлы С дайындаған «Мысырдағы мәмлүк сәулет өнерінің тарихы» еңбегін және Сәки Қ. «Ер қаруы – бес қару» тарихи кітабы пайдаланылды. Одан бөлек «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы қосымша ақпараттар үшін қолданылды. Орыс тілінде жазылған Ирмуханов Б. «Хазары и казахи: связь времен и народов. Алматы: Наш Мир. 288 с. Сайфетдинова Э. (2017). Личность Султана Бейбарса и его роль в развитии взаимоотношений Мамлюкского Египта с Золотой Ордой по арабским источникам», Абу Бакр Каландар Руми «Каландар-наме: избранное», Востров В., Муканов М. «Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX — начало XX вв.)», Коновалова И. «Ал-Идриси о странах и народах Восточной Европы: текст, перевод, комментарий», Тизенгаузен В. «Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды», Хааг М. «История Египта» және Пилипчук Я., Сабитов Ж. «Очерки этнополитической истории кыпчаков» еңбектерінен мәліметтер алынды. Араб тіліндегі Ибн Манзурдың сөздігі, Ибн Тағибердінің «эн-Нужум әз-Зәһира фи мулуки

Миср уа әл-Қаһира» кітабы, әл-Мәкризидің «Китәб әс-сулук ли мағрифәт дуәл әл-Мәмлүк», ән-Нуәйридің «Нихәяту әл-әраб фи фунун әл-әдәб» және әл-Айнидің «Иқд әл-жумән фи тәрих әһл әз-зәмән» еңбектеріндегі ақпараттар қазақ тіліне аударылды.

Мақала жазу барысында тарихи-хронологиялық, тарихи-салыстырмалық әдістер қолданылды.

### Зерттеу нәтижелері және талқылау

Бейбарыс – шамамен 1217/1218 жылы қазіргі қазақ жерінде дүниеге келген түркі тектес мәмлүктердің көрнекті өкілі, 1260-1277 жж. билік құрған әйгілі Мысыр сұлтаны. Толық аты-жөні – әл-Мәлик әз-Заһир Рукн әд-Дуния уә әд-Дин Әбу әл-Футух Бейбарыс ибн Абдулла әл-Бундукдари ас-Салихи ән-Нәжми әл-Әйюби әт-Түрки. Араб деректерінде кездесетін бұл есімінде Бейбарыс сұлтанның күниясы мен лақап аттары қоса берілген. Олардың әрқайсысының мән-мағынасы мен қойылу себептері осы мақалада келтіріледі.

**әл-Мәлик әз-Заһир.** Тарихи дереккөздердің басым көпшілігінде Бейбарыстың аты-жөні «Жеңімпаз патша» деген мағынаны білдіретін «әл-Мәлик әз-Заһир» сөздерімен басталады. Ол – Бейбарыстың ең танымал лақап аттарының бірі. «Лақап» дегеніміз – адамның шын есімінен бөлек бір атауы. Негізінен, адамға ұнамды әрі түр-тұлғасына, іс-әрекетіне сай атау қою керек. Белгілі ғалым әз-Зәжжәж айтады: «Яһуди я христиан болып, кейін ислам дінін қабылдаған адамға «Уа, яһуди» немесе «Уа, христиан» деп айтуға болмайды. Өйткені, ол мұсылман болып қойған» (Ибн Манзур, 1994: 743). Бейбарыстың лақап атындағы «Мәлик» – араб тілінің «мәләкә» деген етістігінен туындаған сөз. Ол «иелік етуші, патша» дегенді білдіреді. Ал, «заһара» етістігінен шыққан «заһир» сөзі «басым түсуші», «көмектесуші» мағыналарын қамтиды (Палтөре, Жүсіпбеков etc., 2020: 451). Бейбарыстың Египетке «мәмлүк» (күл) болып келіп, соңында «мәлик» (патша) боп қалыптасуы – тарихи феномен.

**Рукн әд-Дуния уә әд-Дин.** Бұл атау араб тілінен аударғанда «дүние мен діннің тірегі» деген мағынаны білдіреді. Аталмыш лақап Бейбарыстың дүние, яғни Мысыр елі мен халқы үшін игі істер жасағанын көрсетеді. 17 жыл ішінде Бейбарыс Мысырдың қуатты мемлекетке айналуына көп еңбек сіңірді. Оның билік кезеңінде каналдар жүргізіліп, кеме

жасау зауыттары бой көтерді. Ел шекарасында әскери бекіністер қойыла бастады. Каир қаласында сарайлар мен мешіттер салынды. Елде қолөнер, егіншілік, ғылым, сауда түрлері дамыды. Одан бөлек мықты әскер және теңіз флоты құрылып, ауыл шаруашылығына аса мән берілді. Пошта жүйесі қарқынды дамуда болды (Батыршаұлы, Көмеков etc., 2011: 270).

Реформалық қабілеттерінен бөлек Бейбарыстың дипломатиялық қарым-қатынас жасау өнері де болған. Ол Селжұқтардың Рум сұлтандығымен және Грузия корольдіктерімен дипломатиялық байланыс орнатты. Сонымен қатар, 1262 жылы Латын империясын аз уақытта талқандаған Византия императоры – Михаэль VIII Палайологоспен Египет сауда кемелерінің Қара теңізге еркін кіруі туралы келісімге қол қойды. Одан бөлек, Сицилияның Гознстауфен королі – Манфредпен және Шығыстағы Гибеллин партиясымен достық қарым-қатынаста болды (Сайфетдинова, 2017: 731). Деректерде Бейбарыстың Алтын Орда билеушісі Берке ханды ең құнды одақтас деп тапқаны айтылады. Бейбарыс негізін қалаған бұл әскери-мәдени бірлестік Алтын Орданың ыдырауына дейін сақталған. 1261 жылы Бейбарыс сұлтан Беркеге өзінің алғашқы хатын жолдап, бір жыл уақыт өткеннен кейін Византия арқылы бірінші елшілік делегациясын жіберді. Осы кезден бастап Египет пен Алтын Орда арасындағы дипломатиялық байланыс тығыздалып, екі ғасыр шамасында Каир мен Сарай 50-ге жуық елшілік алмастырды (Қазақстан: ұлттық энциклопедия, 1999: 238).

Сонымен қатар, Бейбарыс ислам дінінің биікте тұруына да көп септігін тигізген. крестшілердің және моңғолдардың жорығына тойтарыс бергені үшін Бейбарысқа «Дін тірегі» деген атау берілді. Өйткені, бұл әрекеті арқылы ол Мысыр мен Шам жерін христиандық және буддалық дүниетанымдардан аман алып қалды. Бейбарыс бұрын Мысырда әдетке айналған имам әш-Шафиғи мәзһабын ғана емес, төрт сүнниттік мәзһабтың түгел, теңдей дәрежеде ұстануын бұйырғаны үшін кей тұрғындар тарапынан сөгіске ұшырағаны да белгілі. Бұған қоса, Алтын Орда аумағында да төрт мәзһабтың теңдігі жарияланып, ешқайсысы шеттетілмеді (Абу Бакр Каландар Руми, 2017: 55). Бейбарыстың замандасы болған Мысыр мемлекетінің бас қазысы және «Уафәят әл-ағийан» кітабының авторы – Ибн Халликан, «Мәфрәж әл-куруб фи ахбар бәни Әйюб» атты еңбекті жазған – Жәмәлуддин ибн Уасил сияқты көрнекті

ғалымдар сұлтан тарапынан үлкен қолдауға ие болып отырды. Сонымен қатар, ислам дінін сауатты түрде меңгеру үшін «эз-Заһирия» медресесін салуды бұйырды (Батырша-ұлы, Көмеков etc., 2011: 273).

**Әбу әл-Футух.** Бұл есім араб тілінен аударғанда «Жеңістердің әкесі» деген мағынаны білдіреді. Бейбарыс 1250 жылы әл-Мансұр мен Фарискур шайқасында Әйюбилер әскерінің қолбасшысы ретінде өзінің алғашқы әскери табыстарына қол жеткізді. Оның көмегімен Крест жорығының жетекшісі, Франция королі – Людовик IX тұтқынға алынды. Дегенмен, уақыт өте келе үлкен көлемдегі төлем ұсынылғаны үшін азат етілді.

1260 жылдың ортасында Каирге Иранның елханы – Құлағу ханның елшілігі бағынуды талап етіп келді. Иран исмаилиттерінің қарсылығын бұзған, Аббасид халифатын талқандаған, Сирияны басып алған моңғол әскері Мысыр шекарасына жетті. Алайда, Құлағу Моңғол империясының ұлы ханы – Мөңкенің қайтыс болғаны жайлы хабар естіп, әскерінің негізгі бөлігімен бірге шығысқа шегінуге мәжбүр болды. Сөйтіп, Палестинада Кет-Бұқа басқарған шағын корпус қана қалды. Құтұз Бейбарыспен ортақ мүдде үшін қайта келісімге келуге мәжбүр болды. Бейбарыстың бастамасымен ол моңғол елшілерін өлтіріп, нәтижесінде соғыстың басталуына себепкерлік жасады. Көп ұзамай Құтұз бен Бейбарыс Каирден жолға шығып, Иерусалим патшалығын кесіп өтіп, крестшілердің астанасы – Акраға жақын жерде қосын тігіп, үш күн демалып, қорын толықтырды. 1260 жылы Назарет маңындағы Айн Жалұт деген жерде екі әскер қақтығысты (Хааг, 2009: 136). Жалған шегіну арқылы Бейбарыс Кет-Бұқаны торуылға түсіріп, мәмлүктердің үш жақтан шабуыл жасауына мүмкіндік берді. Моңғол әскері жеңіліп, найман қолбасшысы Кет-Бұқа тұтқынға түсіп, өлім жазасына кесілді. Осылайша, моңғолдардың Леванттағы шабуылы тоқтатылып, мәмлүктер Сирияда орнықты (Пилипчук, Сабитов, 2015: 124).

Сұлтан Бейбарыстың билікке келген кезеңінде елдің сыртқы жағдайы қиын еді. Сөйтіп, сұлтанның алдында аса күрделі мәселелерді шешу қажеттілігі туындайды: Айн-Жалұт шайқасында ауыр соққыға ұшыраған әскерінің кегі үшін Құлағу ханның шабуыл жасау қаупі бір жағынан төніп тұрса, екінші жағынан, Батыс крестшілері Иран елхандарымен бірігіп, Египетке қарсы альянс құруды көздегені туралы

хабарлар Каир қаласына жетеді. Алтын Ордамен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан Бейбарыс Берке ханмен бірігіп, ортақ күштің тоғысуымен Құлағуға қарсы шығуға ұсыныс жасады. Одан бөлек, Бейбарыс сұлтан қасиетті Құдысты кресттағушылардан ада қылып, оларды Таяу Шығыстағы мұсылман елді-мекендерінен ығыстыруға мүмкіндік алды (Батырша-ұлы, Көмеков etc., 2011: 24). Негізгі шабуыл 1265 жылы басталып, крестшіл-франктердің қамалдары бірінен соң бірі алынды. Бейбарыс 1267 жылы Кіші Армения патшалығына, 1275 жылы Кіші Азияның селжұқтарына қарсы жорықтар жасап, олжаға кенелді (Пилипчук, Сабитов, 2015: 142).

**Бейбарыс ибн Абдулла.** Тарихи деректерде оның есімінің «Бейбарыс», «Байбарыс», «Бибарыс» секілді бірнеше нұсқасы кездеседі (Қазақстан: ұлттық энциклопедия, 1999: 237). Ибн Тағриберді «Бибарыс» атауын дұрыс деп санап, түркі тілінде «барыс билеушісі» деген мағынаға саятынын айтып өткен (Ибн Тағриберді: 94). Халық арасында «Бейбарыс» есімі кең таралғанына қарамастан, ғалым Бақытты Батырша-ұлы мен мысыртанушы Қайрат Сәки өз еңбектерінде «Байбарыс» нұсқасын алға тартады. Олардың айтуынша, «бай» сөзі қыпшақтарда «әмір» және «бек» деген мағыналарды қамтыған. Тіпті, «бай» осман түріктерінің халифаты кезінде әкімшілік мансапты да білдірген (Сәки, 2020: 137).

**әл-Бундукдари.** «Ер қаруы – бес қару» кітабында бұл лақаптың мәні былай түсіндірілген: «Бундукдар – сұлтанның немесе бектің сақпанын ұстаушы. Сұлтан Байбарыстың толық есімінің бір жалғауы «Бундукдари» аталуы, оны бірінші сатып алған иесі – Айтегін деген бек кезінде сұлтанның сақпан тасушысы қызметін атқарғанынан шыққан» (Сәки, 2020: 63).

**ас-Салихи ән-Нәжми әл-Әйюби.** Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде жас Бейбарыс қолға түсіп, құлдыққа сатылған. Бұл кезде Бейбарыс шамамен 14 жаста еді (Ибн Тағриберді: 96). Оны Дамаскте Әмір Айтегін 800 дирхамға сатып алады. Кейін бұл әмірдің бағы тайып, қасындағы мәмлүктерінен айырылған кезде Бейбарыстың қабілетін Әйюби әулетінің 1240-1249 жж. сұлтаны – Салих Нәжмуддин байқап қалады. Бұған дейін Бейбарыс әлі де құл қатарында жүрген еді. Сұлтан Салих болса, оны құлдық категориядан көтеріп, 1244 жылы өзінің жеке жасағының бір бөліміне сардар етіп қояды (Қазақстан: ұлттық энциклопедия, 1999: 237). Сөйтіп, қамқоршысының құрметі үшін Бейбарыс «ас-Салихи ән-Нәжми әл-Әйюби» деген атауға ие болды.



**әт-Түркі.** Бұл атау Бейбарыстың түркі екенін аңғартады. әл-Мақризи «әс-Сулуқ» еңбегінде былай деп жазады: «Бейбарыс түрік тумасы болған. Оны Мәлик ас-Салих Нәжмуддин Әйюб сатып алды» (әл-Мақризи, 1997: 520). XIV ғасырдағы мысырлық тарихшы әл-Айни «Иқд ал-жумән фи тарихи әһли әз-әзмән» («Заман тұрғындары туралы інжу алқа») еңбегінде: «Бейбарыс ибн Абдулла, тегі – қыпшақ» деп, оның «бәрж оғлу» («бурж оғлу») тайпасынан шыққанын айтып өткен (әл-Айни, 2009: 175). ән-Нуәйридің айтуынша, Бейбарыс түркі болған және Елбарлы тайпасынан шыққан (ән-Нуәйри, 1990: 13). С. Аманжолов әл-Айнидің деректеріне сілтеме жасай отырып, Бейбарыстың қыпшақ руынан шыққан бржоғлу (буржоғлу) деп тұжырымдайды (Востров, 1968: 103). Б. Ирмуханов болса, қазақтың беріш руын Буржоғлу руының ықтимал мұрагері деп топшылайды (Ирмуханов, 2003: 265). Бейбарыстың шығу тегі туралы сан алуан пікірлерге қарамастан, Э. Сайфетдинова өзінің «Личность Султана Бейбарса и его роль в развитии взаимоотношений Мамлюкского Египта с Золотой Ордой по арабским источникам» атты мақаласында Бейбарыстың «Барлы руынан шыққан түрік» екені жазылған Абд әз-Заһир кітабы сенімдірек дереккөз бола алады деп қорытындылаған (Сайфетдинова, 2017: 729).

«Бурж» «Буржан» сөзіне өте жақын. әл-Идриси буржандар жерінің Қара теңіздің солтүстігінде орналасқанын айтады (Коновалова, 2006: 62). Қырымда «Бейбарыс Қырым жерінен шыққан» деген де пікір бар. Бұл ұстаным

Солхатта (Ескі Қырым) «Бейбарыс мешіті» деп аталатын мешіт қирандыларының болуымен байланысты. Алайда, араб деректерінде, атап айтқанда, әл-Мақризиде Мысыр билеушісі Қырымда мешіт салуға 2000 динар көлемінде ақша бергені хабарланады. Бірақ, онда Мысырдың қай билеушісі екені айқындалмай, тек 1288 жылы орын алғаны көрсетілген. Ал, Ибн әл-Фурат жазбасында мұндай сыйлықты жасаған сұлтан әл-Мәлик әл-Мансур (Мансур Қалауын) болғанын нақтылайды (Тизенгаузен, 1884: 363). Дегенмен, жалпы қабылданған нұсқа бойынша, Бейбарыс Еділ мен Жайық өзендерінің аралығындағы Дешті Қыпшақта дүниеге келген (Ибн Тағриберді: 94).

### Қорытынды

Бейбарыс сұлтан – XIII ғасырда өмір сүрген Мысыр мен Шам өлкесінің билеушісі. Жорықтарын жеңіспен аяқтайтын оған «әл-Мәликәз-Заһир» деген лақап берілген. Мәмлүктер мемлекетінің экономикасын дамытып, Ислам дінінің мәртебесін көтере отырып «Рукн әд-Дуния уә әд-Дин» атала бастады. Мемлекет құрамына бірнеше аймақтарды қосып, «Әбу әл-Футух» атанды. Бейбарыс Айтегін әмір мен Салих Нәжмуддин сынды қолбасшылардың тәрбиесін көріп, солардың лақабына ие болды. Оның қазіргі қазақ жерінің тарихи атауы – Дешті Қыпшақ даласынан шыққанын тарихи деректер растайды. Осы себепті Бейбарыс сұлтанның тарихи жетістігі тек Мысыр мемлекетінде емес, бүкіл әлемде, әсіресе, Қазақстанда ерекше дәріптелуі керек.

### Әдебиеттер

- Палтөре Ы., Жүсіпбеков Ж., Мухитдинов Р., Қыдырбаев Қ. (2020). Арабша-қазақша сөздік. – Алматы: Нұр-Мүбарак. – 920 б.
- Әлібекұлы А. (2008). Мәмлүктер билігі кезіндегі түркі-қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі). – Монография. Алматы: Арда. – 176 б.
- Батыршаұлы Б., Көмеков Б., Батырша-ұлы С. (2011). Мысырдағы мәмлүк сәулет өнерінің тарихы. – Астана: Сарыарқа. – 312 б.
- Сәки Қ. (2020). Ер қаруы – бес қару. – Нұр-Сұлтан: Фолиант. – 157 б.
- Ибн Мансур (1994). Мухаммад ибн Мукарам Әбу әл-Фадл Жәмәлуддин. Бейрут: Дәру Садир. Т 1. – 807 б.
- Ибн Тағриберди. ән-Нужум әз-Зәһира фи мулуки Миср уә әл-Қаһира. Дәр әл-кутуб. Т 7. – 392 б.
- Ирмуханов Б. (2003). Хазары и казахи: связь времен и народов. – Алматы: Наш Мир. – 288 с.
- Қазақстан: ұлттық энциклопедия (1999). – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. Т 2. – 720 б.
- Сайфетдинова Э. (2017). Личность Султана Бейбарса и его роль в развитии взаимоотношений Мамлюкского Египта с Золотой Ордой по арабским источникам. Золотоордынское обозрение. Т 5. – № 4.
- Абу Бакр Каландар Руми (2017). Каландар-наме: избранное. Пер с перс. И.Р. Гибадуллина, М.Р. Шамсимухаметовой. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ. – 1044 с.
- әл-Мақризи. (1997). Китәб әс-сулуқ ли мағрифәт дуәл әл-Мәмлүк. Бейрут: Дәр әл-кутуб әл-илмия. Т 1. – 566 б.
- ән-Нуәйри. (1990). Нихәяту әл-әраб фи фунун әл-әдәб. Каир: Дәр әл-Кутуб уә әл-Уасаиқ әл-қаумия. Т 30. – 424 б.

- Востров В., Муканов М. (1968). Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX — начало XX вв.). – Алма-Ата: Наука. – 255 с.
- Коновалова И. (2006). Ал-Идриси о странах и народах Восточной Европы: текст, перевод, комментарий. – Москва: Восточная Литература. – 328 с.
- Тизенгаузен В. (1884). Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – СПб. – Т. 1. – 564 с.
- эл-Айни. (2009). Икд эл-жумән фи тәрих эһл эз-зәмән. Тхк: Мухаммад Мухаммад Әмин. Каир: Дәр эл-кутуб уа эл-уасаик эл-қаумия. Т 2. – 522 б.
- Хааг М. (2009). История Египта. – Москва: Астрель. – 255 б.
- Пилипчук Я., Сабитов Ж. (2015). Очерки этнополитической истории кыпчаков. – Астана: Ғылым. – 248 с.

#### References

- Paltore Y., Zhusipbekov Zh., Muhitdinov R., Kudyrybaev K. (2020). Arabsha-kazaksha sozdik [Arabic-Kazakh dictionary]. Almaty: Nur-Mubarak. 920 p.
- Alibekuly A. (2008). Mamlukter biligi kezindegi turki-kypshak adebieti [Тюрко-кипчакская литература во времена правления мамлюков]. Monografiya. Almaty: Arda. 176 p.
- Batyrsha-uly B., Komekov B., Batyrsha-uly S. (2011). Mysyrdagy mamluk saulet onerinin tarihy [История мамлюкской архитектуры в Египте]. Astana: Saryarka. 312 p.
- Saki K. (2020). Er karuy – bes karu [Male weapons – five weapons]. Nur-Sultan: Foliant. 157 p.
- Ibn Manzur (1994). Lisan al-arab [Arabes Tong]. Bejrut: Daru Sadir. v-1. 807 p.
- Ibn Tagriberdi. an-Nuzhum az-Zahira fi muluki Misr ua al-Kahira [The bright stars in the kings of Egypt and Cairo]. Dar al-kutub. v-7. 392 p.
- Irmuhanov B. (2003). Hazary i kazahi: svyaz' vremen i narodov [Khazars and Kazakhs: connection of times and peoples.]. Almaty: Nash Mir. 288 p.
- Kazakstan: ulttyk enciklopediya (1999) [Kazakhstan: national encyclopedia]. Almaty: Kazak enciklopediyasy. v-2. 720 p.
- Sajfetdinova E. (2017). Lichnost' Sultana Bejbarsa i ego rol' v razvitii vzaimootnoshenij Mamlyukskogo Egipta s Zolotoj Ordoj po arabskim istochnikam [Personality of Sultan Baybars and his role in the development of relations between Mamluk Egypt and the Golden Horde according to Arabic sources]. Zolotoordynskoe obozrenie. v-5. № 4.
- Abu Bakr Kalandar Rumi (2017). Kalandar-name: izbrannoe [Qalandar-name: Favorites]. Kazan': Institut istorii im. SH. Mardzhani AN RT. 1044 p.
- al-Makrizi. (1997). Kitab as-suluk li magrifat dual al-Mamluk [History of the Mamluk Sultans]. Bejrut: Dar al-kutub al-ilmiya. v-1. 566 p.
- an-Nuajri. (1990). Nihayatu al-arab fi funun al-adab [The Aim of the Intelligent in the Art of Letters]. Kair: Dar al-Kutub ua al-Uasaik al-kaumiya. v-30. 424 p.
- Vostrov V., Mukanov M. (1968). Rodoplemennoj sostav i rasselenie kazahov (konec XIX — nachalo XX vv.) [Tribal composition and resettlement of the Kazakhs (late 19th – early 20th centuries)]. Alma-Ata: Nauka. 255 p.
- Konvalova I. (2006). Al-Idrisi o stranah i narodah Vostochnoj Evropy: tekst, perevod, kommentarij [Al-Idrisi on the countries and peoples of Eastern Europe: text, translation, commentary]. Moskva: Vostochnaya Literatura. 328 p.
- Tizengauzen V. (1884). Sbornik materialov, odnosyashchihsya k istorii Zolotoj Ordy [Collection of materials relating to the history of the Golden Horde]. SPb. v-1. 564 p.
- al-Ajni. (2009). Ikd al-zhuman fi tarih ahl az-zaman [The Pearl Necklace in the history of the people of the era]. Kair: Dar al-kutub ua al-uasaik al-kaumiya. v-2. 522 p.
- Haag M. (2009). Istoriya Egipta [History of Egypt]. Moskva: Astrel'. 255 p.
- Pilipchuk YA., Sabitov ZH. (2015). Oчерki etnopoliticheskoj istorii kypchakov [Essays on the ethno-political history of the Kypchaks]. Astana: Gylym. 248 p.